

Ақындар мен жазушыларға ескерткіштер

Қалижан Бекхожинің ескерткіші



Павлодарда 2013 жылдың 9 қазанында қаладағы ең көне «Ақ мешітінің» жанындағы алаңда ақын, драматург, аудармашы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі Қалижан Бекхожиннің (1913-1990) 100 жылдығына орай оның ескерткіші қойылды.

Қола ескерткіш мүсінші Мұрат Мансұровтың қолынан шыққан. Мүсінші ақынның креслода отырғанын және қолының қимылына қарағанда, біреуге сөйлеп тұрғандай бейнелеген.

Биіктігі 2,6 метр, салмағы 3,2 тонна (гранит тұғырының салмағы 5,8 тонна, биіктігі 1,950 метр) қола мүсінді астаналық «Арт бронза» ЖШС мен «Балқыту» ЖШС жасаған.

Әдебиеттер:

Жұматов, Ғ. Елі бар ақынын ардақтаған: [ақын Қ. Бекхожиннің 100 жылдық мерейтойына ескерткіш орнатылды] / Ғ. Жұматов // Шаһар. - 2013. - 11 қазан. - 2 б.

Бықай, Ф. Қазақтың Қалижанына құрмет: [Павлодар облысының ақыны Қ. Бекхожиннің 100 жылдығы облыс көлемінде аталып өтілді. Мерейтойлық шара ақын ескерткішінің салтанатты ашылуынан басталды] / Ф. Бықай // Егемен Қазақстан. - 2013. - 12 қазан. - 10 б.

Байбосын, С. Кереку Қалижанын құрметтеді: [Павлодар облысының ақыны Қ. Бекхожиннің 100 жылдығы облыс көлемінде аталып өтілді. Мерейтойлық шара ақын ескерткішінің салтанатты ашылуынан басталды] / С. Байбосын // Жас Алаш. - 2013. - 15 қазан. - 5 б.

Қабылденова, Қ. Ескерусіз ескерткіштер: [облыс әкімдігінде өткен аппараттық жиын барысында аймақтағы ескерткіштерді тіркеу, оларды күту мәселелері талқыланды] / Қ. Қабылденова // Сарыарқа самалы. - 2018. - 6 қыркүйек. - 2 б.

Жүсіпбек Аймауытовқа ескерткіш



2014 жылдың 19 қыркүйегінде Павлодарда жазушы, публицист, ақын, Алаш Орда көсемдерінің бірі, Қазақстан сахна өнерінің негізін салушы Жүсіпбек Аймауытовқа (1889-1931) ескерткіш ашылды.

Мүсіндік композиция көрнекті қайраткердің есімімен аталатын Қазақ музыкалық-драма театрының алдында орнатылды. Мұндай сыйлық павлодарлықтарға Жүсіпбек Аймауытовтың 125 жылдығына орай жасалды.

Мүсіндік композицияның биіктігі – 3,6 метр, ал тұғырмен бірге – 7,6 метр. Ескерткіш қоладан құйылған, тұғыры қою қара түсті жылтыр граниттен соғылған.

Ескерткіштің авторы – астаналық мүсінші Ермек Тоқтаров. Ескерткіш «Керемет-ПВ» ЖШС-нің демеушілігі есебінен жасалған.

Әдебиеттер:

Алашорда қайраткеріне ескерткіш ашылды: [Павлодар қаласында жазушы, драматург, публицист Ж. Аймауытовтың туғанына 125 жыл толуына орай ескерткіш ашылды] // Шаһар. - 2014. - 26 қыркүйек. - 2 б.

Әміре, Ф. Алаштың айбозы: [Жүсіпбек Аймауытовқа Павлодар қаласында ескерткіш ашылды] / Ф. Әміре // Сарыарқа самалы. - 2014. - 20 қыркүйек. - 1 - 2 б.

Бықай, Ф. Аймауытовқа ескерткіш орнатылады: [жазушы Ж. Аймауытовқа орнатылатын ескерткіш туралы] / Ф. Бықай // Егемен Қазақстан. - 2014. - 21 қаңтар. - 12 б.

Естай Беркімбайұлына ескерткіш



Павлодар қаласында Естай атындағы мәдениет сарайының алдына қазақ өнерінің алып тұлғасы, ақын, әнші, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Естай Беркімбаевқа (1874-1946) ескерткіш қойылды.

Ескерткіште қолына домбыра ұстаған жас Естай көрініс тапқан. Қоладан құйылған ескерткіштің биіктігі 4 метрден асады. Граниттен жасалған тұғырының биіктігі де 4 метрге жетеді.

Павлодарда Естайдың ескерткішін орнату идеясы облыстық ардагерлер және шығармашылық зиялылар кеңесіне тиесілі. 2019 жылы ең дарынды қолөнершілер арасында ескерткіштің ең үздік нобайы жобасына байқау жарияланды. Сарапшылар үздік жұмыстарды таңдап, олар ҚР Мәдениет және спорт министрлігіне жолданды. Қазақстан Республикасы Суретшілер одағының мүшесі, белгілі мүсінші Азат Баярлин байқаудың жеңімпазы атанды.

Әдебиеттер:

Әміренов, Ф. Естайға ескерткіш қойылады: [Павлодар қаласында әнші-композитор, ақын Естай Беркімбайұлының ескерткіші бой көтереді] / Ф. Әміренов // Saryarqa samaly. - 2020. - 29 қыркүйек. - 3 б.

Қайратұлы, Фархат. Естай ескерткіші – Керекудің көркі: [Павлодар қаласында әнші-композитор, ақын Естай Беркімбайұлына ескерткіш қойылды] / Ф. Қайратұлы // EGEMEN QAZAQSTAN. - 2021. - 25 наурыз. - 1, 11 б.

Сахаба, Тілеуберді. Әнші Естай – туған жер төрінде: [Павлодар қаласында Қазақ КСР-нің еңбек сіңірген өнер қайраткері, ақын, әнші, композитор Естай Беркімбайұлына ескерткіш қойылды] / Т. Сахаба // SARYARQA SAMALY. - 2021. - 25 наурыз. - 1 - 2 б.

Абай Құнанбайұлына ескерткіш



Қазақтың ұлы ақыны Абай Құнанбайұлының (1845-1904) туғанына 175 жыл толуына орай 2021 жылы 23 желтоқсанда Павлодар қаласындағы орталық алаңда ескерткіш орнатылды

Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы - ұстаз, ақын, ағартушы, жазба қазақ әдебиетінің, қазақ әдеби тілінің негізін қалаушы, философ, сазгер, аудармашы, саяси қайраткер, либералды білімді исламға таяна отырып, орыс және еуропа мәдениетімен жақындасу арқылы қазақ мәдениетін жаңартуды көздеген реформатор.

Абай мүсінінің жалпы биіктігі 10 метрден асады. Биіктігі 5,25 метр монумент көркем қоладан жасалған, күміс нитратпен және балауызбен қапталған, ал оның 5 метрлік тұғыры граниттен жасалған. Тұғырға Абайдың «Адамзаттың бәрін сүй, бауырым деп...» деген цитатасы жазылды.

Ескерткіштің авторы – Қазақстан Суретшілер одағының мүшесі, мүсінші Асқар Нартов, Баянауылдағы Шәкен Айманов ескерткішінің және Қазақстандағы басқа да ескерткіштердің авторы. Оның эскиздік жобасын ҚР Мәдениет және спорт министрлігі жанындағы Қазақстандағы монументалды өнердің жаңа құрылыстарын орнату бойынша комиссия мүшелері таңдады.

Әдебиеттер:

Абай мен Естай ескерткіштері қойылады // Saryarqa samal. – 2020. - 15 қазан. – 2 б.

Қос алыпқа ескерткіш орнатылады: [2020 ж. Облыс орталығында Абай Құнанбаев пен Естай

Беркімбаевқа ескерткіш орнатылуына мүсіншілер арасында байқау ұйымдастырылуда] // Saryarqa samaly. - 2019. - 23 қараша. - 16 б.

Бықай, Ф. Абайға ескерткіш қойылды: [облыс әкімдігінің алдына Абай Құнанбайұлына ескерткіш қойылды] / Ф. Бықай // Egemen Qazaqstan. - 2020. – 24 желтоқсан. – 12 б.

Хашымқызы, Қ. Абай ескерткіші ашылды: [Павлодар қаласында ақын Абай Құнанбайұлы-ның ескерткіші орнатылды] / Қ. Хашымқызы // Saryarqa samaly. - 2020. - 24 желтоқсан. - 1, 3 б.

Нухұлы, А. Адамзаттың Абайына тағзым!: [Павлодар қаласында ақын Абай Құнанбайұлы-ның ескерткіші орнатылды] / А. Нухұлы // Saryarqa samaly. - 2020. - 26 желтоқсан. - 3 б.

Ақынның мұражай-үйінің ауласында орыс ақыны П.Н. Васильевке қойылған мүсін



Чернышевский көшесі, 121

Мүсін Павел Васильевтың мұражай үйінің ауласында гранитті тұғырда 1989 ж. орнатылды. Тұғырдың бет жағында «Павел Васильев» деген жазу және өмір сүрген 1909-1937 жылдары жазылған.

Оның аты қалада бірнеше ғимараттармен байланысты - ақын 1919-1920 жж. оқыған водниктер мектебі (Ленин к., 219), ақын 1926 жылға дейін оқыған 2-ші сатылы мектеп (бұрынғы М.Исеналиев к., 6 педагогикалық колледждің ескі корпусы), ақын тұрған Чернышевский көшесі, 128 үй (бұрынғы П.Васильев мұражай үйі). Ол Павлодар, Ертіс жайлы, «Соляной бунт», «Христоролюбивые ситцы», «Песня о гибели казачьего войска» өлеңдерінің және т.б. авторы.

Жазаланып, ату жазасына берілді. 1956 жылы ақталып шықты.
Е.Мергенов, сәулетші К.Монтахаев.

Мүсінші

Әдебиеттер:

Ақынның мұражай-үйінің ауласында орыс ақыны П.Н. Васильевке қойылған мүсін

// Сарыарқа самалы МаржаныЕртістің Павлодар өңірі / Павлодарское Прииртышье Жемчужина Сарыарки /

Pavlodar Priirtshe Is a pefrl of Saryarka. – 2008. - 122 - 123 б.

П.Васильевтің мүсіні



Атақты еуразиялық ақын Павел Васильевқа ескерткіш (1910—1937) және оның атындағы шағын бақ Павлодарда 2011жылдың 23 қыркүйегінде ашылды. Ескерткіш Затон базары ауданында, Гагарин мен П.Васильев көшелерінің қиылысында орнатылған. Оның балалық шағы Павлодарда өтті; қазір ақынның жалғыз мұражай үйі жұмыс істеуде. Ескерткіш қаланың ескі бөлігіне қойылған, П.Васильев атын иеленген көшеден алыс емес. Қола ескерткіш Ертіске қаратып қойылған. Тұғырда қызыл мрамордан П.Васильевтың қолтаңбасы және өмірінің күнтізбелік уақыты жазылған. Ол сталиндік қапастан 27 жасында қайтыс болды.

Ескерткіштің авторы – Қазақстандағы суретшілер одағы, Қазақстандағы суретшілер одағы басқармасының мүшесі, Қазақстандағы суретшілер одағы павлодарлық бөлімінің төрағасы Қажыбек Камалович Баймульдин.

Тұғыр құрдайлық қызыл қара аралас теңбіл гранит тастардан орындалған. Түсі ақын Павел Васильев тұрған және жасаған уақытты дәлелдейді. Ескерткіш тұғыры қиын да ерекше – онда параллель сызықтар жоқ, барлық қырлары сындырылған. Бұл да репрессия жылдарын бейнелейді. Гранитты тұғырда – ақынның басы, қоладан жасалған. Мүсіннің жалпы биіктігі шамамен 3,5 м құрайды.

Тұғырдың қызыл тастары қоламен жақсы кереғар әсер береді. Павел Васильевтың бейнесінде – талпынушылық және екпін. Ол аққан жұлдыз сияқты, поэзияға, үлкен әдебиетке, өмірге ұмтылды. Арқасында желбіреген гладиаторлық жамылғы, оның қиын және қайғылы жолдарын бейнелейді.

Павел өзінен кейін 14 поэма мен 200 өлеңдерін қалдырды; ақынның аты Павлодардың мәдениеті мен тарихына енген, П.Васильевтың атымен көше, әдеби бірлестік, мұражай-үйі, кітапхана бар, бұл ақын атының ұмытылмағанын растайды, ал поэзиясы бүкіл әлемге танымал.

Павелдің 1931 жылы осыдан 80 жыл бұрын жазылған өлеңдері жаңадан естіле бастады:

И вот я вновь

Нашёл в тебе приют,

Мой Павлодар, мой город ястребиный.



Әдебиеттер:

Бықай, Ф.Павелдың ескерткіші тұр ойлантып...: [ақын П. Васильевтің ескерткіші туралы әңгіме] / Ф.Бықай // Сарыарқа самалы. - 2012.- 26 сәуір. - 16 б.

Есімханова, А.Еңселі ескерткіш бой көтерді: [жерлес ақын П. Васильевтің мүсіні мен оның атындағы сквердің ашылу рәсімі өтті]/А.Есімханова // Сарыарқа самалы.-2011.- 24 қыркүйек. - 1 б.

Қазақтың демократ ақыны С. Торайғыровқа ескерткіш (2000)



2000 жылы Академик Сәтпаев көшесінде ақын С.Торайғыровқа ескерткіш орнатылды, оның ашылуы ақынның туған күні қарсаңында 2000 жылы 25 қазанда болды (28 қазан). Сұлтанмахмұт Торайғыров қазақтың демократ ақыны, Баянауыл ауданының тумасы. Ол қысқа өмір сүріп, қазақ әдебиетінде өзінің жарқын ізін қалдырды.

Ақын ескерткіші қоладан, тұғыры қызыл және қара граниттен жасалған. Мемориал аясы болып табылатын көркемөнер мұражайының қабырғасы екі сюжетті бедерлермен толтырылған, оның авторы дарынды жас мүсінші Мұрат Мансұров. Ол С.Торайғыров шығармаларының мазмұнын пайдаланды. Әрбір бедердің биіктігі 3 метр, ені 6 метр.

Ескерткіш баянауыл қарағайының жанында тұрған ақынның қола тұлғасын ұсынады. С.Торайғыров жастыққа тән қасиеттер – лирик және романтик ақын ретінде бейнеленген. Трагизм элементтері тұғырдың шешімін толықтырады – қызыл және сұр граниттің үйлесуі және пирамидалар түрінде екі кішкентай сәулеттік формалары. Пирамидалар ақын жеткілікті ұзақ өмір сүрсе қазақ әдебиетінің үлкен биіктіктеріне жетуші еді деген мағынаны білдіреді.

Мүсіннің авторлары өнерге еңбегі сіңген қайраткер Есхан Сергебаев және М.Мансұров, сәулетші А.Қайнарбаев, авторлық ұжымның жетекшісі Х.Абаев. Тұғырымен бірге ескерткіштің биіктігі 8 м, мүсіннің биіктігі 4 м астам.

С. Торайғыров мемориалы қала көркіне айналып, республикалық маңызы бар ескерткішке айналды. Тарих және сәулет ескерткіштері халықтың мәдени жетістігі болып табылады, сондықтан олар мемлекет қорғауында.

2009 жылы ескерткіш Академик Сәтпаев көшесіндегі су бұрқақтарына қарай 150 метрге көшірілді.



Әдебиеттер:

Әбдіқадыров Б. Оралу: [Павлодар қаласында ақын С. Торайғыровқа ескерткіштің ашылуына арналған өлең] // Сарыарқа самалы. 2000. –7 қараша. –11 б.

Әбілда Қ. Қоладан құйылған арманшыл ақын бейнесі: [Павлодар қаласында ақын С. Торайғыровқа ескерткіш қойылды] // Сарыарқа самалы. 2000. – 27 қазан. – 1 б.

Орыс драма театры алдындағы театралдық алаңда орыс жазушысы – драматург А.П. Чехов ескерткіші (2001)



Орыс драма театры алдындағы театралдық алаңда орыс жазушысы – драматург Антон Павлович Чеховқа (1860-1904) қойылған ескерткіш. Ескерткіш 2001 жылы орнатылды, баянауыл гранитінен жасалған.

1959 жылдан бастап театр орыс жазушысы және драматургінің есімімен аталады, театрдың сахнасында түрлі уақытта оның пьесалары қойылған. Ескерткіштің авторы мүсінші Б.Машрапов.

Әдебиеттер:

Хусаинова, М.Б.Б. Машрапов. / М.Б.Хусаинова // Бота

Машрапов – Павлодар, 2012. – 4 – 5, 50 б.



Зейін Шашкинге ескерткіш



Павлодарда прозаик және драматург Зейін Шашкинге ескерткіш орнатылды. Ескерткішті ашу 1 Май Лермонтов көшелеріндегі скверде жазушы Зейін Шашкиннің 100 жылдығына арналған мерейтолық іс-шараларды өткізуге орайластырылған.

Зейін Шашкин қазақ әдебиетінің, драматургиясының дамуына салмақты үлес қосқан. Дәрігер ретінде ол өзінің жұмысында медицина ғылымының соңғы жетістіктерін қолданған. Ол алғашқы болып рентген сәулесі көмегімен туберкулезді емдеуді енгізе бастаған. З.Шашкинге мүсінді орнату оның еңбегін мойындағанымыз болып табылады, деп атап өтті облыс әкімі.

Зейін Шашкин Павлодар облысы Баянауыл ауданының шаруа отбасында дүниеге келген, Мәскеу редакция-баспа институтын және Мәскеу тарих, философия және әдебиет институтын бітірген.

Өлеңдерді жаза бастап, З.Шашкин әдебиеттанумен және әдеби сынмен айналысты, Абайдың ақындық шеберлігі туралы монографиясын шығарды.

Жазушының көркем шығармашылығының өркендеуі 50-60-шы жылдарға келді. Оны жалынды революционер, Жетісудегі кеңес үкіметі жолындағы күрескер Т.Бокиннің тұлғасы қызықтырды, оған «Таң атты» ұзақ әңгімесі арналған. Осы адамға З.Шашкин «Мазасыз таң» романын және киносценарийін арнады, жазушы қайтыс болғаннан кейін ол бойынша көркем фильм түсірілді.

Оның «Теміртау», «Доктор Дарханов» романдары, «Ақбота», «Сенім», «Өмір тынысы» повестері мен әңгімелері белгілі. З.Шашкиннің шығармалары басқа тілдерге аударылған.

Мүсінді белгілі мүсіншілер ағайынды Досмағамбетовтар жасады. Мүсіннің өзі қоладан, ал ол орнатылған тұғыр граниттен жасалған.

Әдебиеттер:

Амантайұлы, Ж. Мұрасы мәңгі қаламгер: [облыс орталығында жерлесіміз, жазушы, драматург З. Шашкиннің 100 жыл толуына орай ескерткіш-бюст ашылды] / Ж. Амантайұлы//Сарыарқа самалы. - 2012. - 11 желтоқсан. - 1 б.